

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

ХАТТАМАСЫ №1

Өтілген күні: 03.09.24 ж.

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.«Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
- 2.«Қамқоршылық кеңестің» төрағасын сайлау
- 3.Осал топтан шыққан балаларды анықтау

Тыңдалды: 1-мәселе

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Раздыкова сөз алып, жиналысқа қатысушыларды “Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ереже мен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а 01.03.2023 №56 бұйрығы) Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтегі мекемелерді қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келін, міндеттеріне тоқталды.

1) білім беру ұйымының тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, қоғамдық бақылауды жүзеге асырады

2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

4) Тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді; Балабақша меңгерушісі, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына, сонымен қатар кеңестің құрамына тоқталып өтті.

2. Тыңдалды: 2-мәселе

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған балабақша меңгерушісі білім бөлімінің 28.05.2024 жылғы № 467-Ө бұйрығына сәйкес төмендегі тізімдегі қамқоршылық кеңес мүшелері құрылды.

1.Жұмасаева Қ-жеке кәсіпкер

2. Мусрепбекова К-зейнеткер ұстаз

3. Молдабай Ж.-депутат

4. Сыдыкова Ғ-ФАП медбикесі

5. Бескене Ж- ата-ана

6. Турашева Д- мектеп мұғалімі

7. Сейтқұлов Е- Полиция подполковнигі

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті. Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен Қамқоршылық кеңестің төрайымы Қ Жұмасәева болуға ұсынылды. қамқоршылық кеңес мүшелері ашық түрде бірауыздан Қ Жұмасәеваны сайлады.

3. Тыңдалды: 3-мәселе

Үшінші сұрақ бойынша әдіскер М.Сыдыкова сөз сойледі. Оз сөзінде жалпы биылғы оқу жылынан бастап балабақшаларда ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы бойынша , мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты бойынша балабақшаларда жоғарыда аталған санаттарға жататын отбасылардың балалары , тегін ыстық тамақпен осы аталған санаттарға жататын 10 тәрбиеленуші тізімін нақтылады..Қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы Қ.Жұмасәева сөз алып қамқоршылық кеңес мүшелеріне ұсынды. Осал топтан шыққан тәрбиеленушілердің құжаттарын тексере келіп 10 тәрбиеленушінің құжаттарын тексере келе осал топ құрайтының айтты.

Шешімі:

1.Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.

2.Қамқоршылық кеңес құрамына ұсынылған кеңес төрағасы сайлансын.

3.Жоғарыда көрсетілген осал отбасынан шыққан тәрбиеленушілердің ыстық тамақпен толық қамтылуы қадағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Қ Жұмасәева

Хатшы:



Г.Ашықбаева.